

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТІРЛІГІ**

**БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ЗАҢ ИНСТИТУТЫ**

**КРИМИНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ  
СЫЗБАЛАР АЛЬБОМЫ**

**ҚАРАҒАНДЫ  
2010**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТІРЛІГІ

---

---

Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты

**КРИМИНОЛОГИЯ  
ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ**

*сызбалар альбомы*

Қарағанды  
2010

**УДК 343**  
**ББК 67.40**  
**К 74**

**Пікір жазғандар:**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты, доцент **Б. Ө. Сейтхожин**; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты **А. У. Уметов**.

Криминология және қылмыстың алдын алу: Сызбалар альбомы

Құрастырған: **М. Қ. Ынтықбаев, С. Қ. Алтайбаев**. — Қарағанды: Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2010. — 136 б.

**ISBN 978-601-7231-19-4**

Криминологияға арналған бұл сызбалар альбомы республикалық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру оқу-әдістемелік кеңесінің 2006 жылғы 22 маусымында хаттамалық шешімімен бекітілген және күшіне енген типтік оқу бағдарламасының негізінде құрылған. Қарастырылған үлгі, кестелер криминология ғылымының зерттейтін нәрсесін ашып көрсете отырып, қылмысты әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретінде қарастырады. Сызбада криминологияның ең өзекті мәселелері қылмыстың себептері мен жағдайы, қылмыскер тұлғасы және т. б. негізгі мәселелерді әдістемелік тұрғыдан сипаттайтын үлгі, кестелерге арналған.

**УДК 343**  
**ББК 67.40**

**ISBN 978-601-7231-19-4**

© **Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы  
Қарағанды заң институты, 2010**

## ҚЫСҚАША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ


Құрылған сызбалар криминология теориясы, криминологиялық оқытудың әдістемесі, қылмыстылыққа қарсы күресті болжау және жоспарлау, сондай-ақ, құқық қорғау органдарының алдын алу қызметін біріктіретін қылмыстылықпен криминологиялық күресуді меңгеруге бағытталған құралдардың бірі болып табылады.

Сызбалар альбомы криминология ғылымының негізгі мазмұнын қолдануға, тиімді оқып-меңгеруге, оны күнделікті қылмыстылықтың алдын алу ісінде ұтымды пайдалануға көмектеседі.

Сызбаларда қарастырылған әрбір үлгілер мен нұсқалар белгілі бір ұғымның ішкі логикалық атаулар, сөздіктер мен криминологиялық есептерді шешу, криминологиялық тұрғыдан ой қорыту, түйіндеу тыңдаушылардың қабілетін жетілдіріп тиянақты білім алуына көмектеседі.

Берілген нұсқалар тыңдаушыларға криминология курсының жекеленген институттарын мұқият игеру, оқу бағдарламасындағы қосымша әдебиеттер мен оқулықтарды толықтыра зерттеп зерделеуіне көмектесуі мүмкін.

# КРИМИНОЛОГИЯ ҰҒЫМЫ, ЗЕРТТЕЙТІН ПӘНІ, ТӘСІЛІ, ЖҮЙЕСІ



**Криминология** — қылмысты әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыратын әлеуметтік-құқықтық ғылым.

Ол қылмыстың мәнін, сипатын, шығу тегі мен пайда болу заңдылықтарын зерттейді.

Сондай-ақ, қылмыстың мән-жайымен оны жою, сақтандыру, алдын алудың әдістемелік жолдарын жасау мен жетілдіруді мақсат тұтады.

# КРИМИНОЛОГИЯ ЖҮЙЕСІ

## Жалпы бөлім

- қылмыстылық,
- қылмыстылық себептері мен шарттары,
- қылмыскердің жеке тұлғасы,
- қылмыстылықтың алдын алу


## Ерекше бөлім

Қылмыстылықтың алдын алу мен криминологиялық сипаттамасы (қайталанатын, кәсіби, абайсызда, қасақана жасалған және т. б. қылмыстылық)

**КРИМИНОЛОГИЯНЫҢ ҒЫЛЫМДАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ  
АЛАТЫН ОРНЫ**




# КРИМИНОЛОГИЯНЫҢ БАСҚА ҒЫЛЫМДАРМЕН БАЙЛАНЫСЫ






## ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕСТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ




# КРИМИНОЛОГИЯ ТАРИХЫ. ШЕТЕЛДІК КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ТЕОРИЯЛАР

## КРИМИНОЛОГИЯНЫҢ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ




## ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ

**ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ** — белгілі бір аумақта, мемлекетте, аймақта, елді мекенде белгілі уақытта жасалған қоғамға қауіпті қылмыстық жазаланатын іс-әрекет пен оны жасаған адамдар арқылы көрініс табатын әлеуметтік шартты, тарихи өзгермелі, бұқаралық және құқықтық құбылыс.



## ҚЫЛМЫС ЭЛЕМЕНТТЕРІ



**ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТЫ**

<b>ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ</b>	<b>ӘЛЕУМЕТТІК ТАБИҒАТЫ</b>	<b>ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТЫ</b>
<b>МАЗМҰНЫ БОЙЫНША</b>	<p><i>Арнайы әлеуметтік жүйеде іріткі тудыратын адамдардың әлеуметтік мінез-құлқының айрықша түрі. Қоғамдық қатнастарға, әлеуметтік мүдде мен құндылықтарға қоғамдық қауіпті қол сұғушылық.</i></p>	<p><i>Құқыққа қарсы кінәлі мінез-құлық, қоғам жалпы және арнайы ескерту шараларымен оның алдын-алуға ұмтылады (тырысады)</i></p>
<b>ШЫҒУ ТЕГІ БОЙЫНША</b>	<p><i>Әлеуметтік себептерден антогонистік қоғамдық қатнастардан, сондай-ақ дамыған қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтардан, айырмашылықтардан және диспропорциялардан туындайды</i></p>	<p><i>Қылмыстық мінез-құлық шеңберін қылмыстық заң анықтайды.</i></p>

## ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ПЕН ҚЫЛМЫСТЫҢ ӨЗАРА ҚАТЫСЫ

<b>ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ</b>		<b>ҚЫЛМЫС</b>
<i>Шығу тегі мен даму заңдылықтары</i>	<i>Қоғам дамуының қазіргі сатысында заңды, объективті шартты әлеуметтік құбылыс</i>	<i>Субъективті шартты кінәлі іс-әрекет</i>
<i>Себептері мен жағдайлардың сипаты</i>	<i>Жалпы әлеуметтік құбылыс пен процестер</i>	<i>Индивидуалды, жеке басылық (тұлғалық) және жеке басынан тыс жағдайлар</i>

Қылмыстың қоғамға қауіптілігі оны құрайтын қылмыстардың қауіптілігін білдірмейді, оның дербес мазмұны мен мағанасы бар.

## ҚЫЛМЫСТЫҢ ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІЛІГІ

### ҚЫЛМЫС

- әлеуметтік дамуды тежейді
- әлеуметтік құрылымға іріткі салады
- әлеуметтік институттар қызметтің бұзылуына әкеледі

- қоғамдық тыныштықты бұзады
- сенімсіздік, алдаушылық (қауіп), қорқыныш сезімдерін тудырады
- адамдардың көңіл-күйіне, өміріне, жұмысына әсер етеді

- қайта пайда болуға бейім, қылмыстық болу фактісімен ғана басқа адамдарды қылмысқа ұрындырады, бұзады және оларға жұқтырады

- онымен күрес елеулі материалдық және ресурстық шығындарды, сондай-ақ ұйымдастыру жұмыстарын қажет етеді

# ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ НЕГІЗГІ СТАТИСТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ



Қылмыстық көрсеткіштердің өзгеруіне әсер ететін факторлар:

- әлеуметтік;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық, әкімшілік;
- құқықтық заңның өзгеруі





**Қылмыстылықтың жай-күйі — бұл белгілі бір аумақта, белгілі бір уақыт аралығында жасалған қылмыстардың және оларды жасаған адамдардың сандық көрсеткіші**

**Қылмыстылықтың деңгейі (коэффициенті) – белгілі бір аумақта белгілі бір кезеңішінде тұрғындар санына шаққандағы қылмыстылықтың санымен анықталады (мысалы 10 немесе 100 мың адамға шаққанда).**

$$K = \frac{Q \cdot 10000}{X}$$

**Бұл жерде K - қылмыстылық коэффициенті,  
Q – қылмыстық саны,  
X- тұрғын халықтың саны  
(жаппай не 14 жасқа дейінгілер және одан жоғары).**

**Қылмыстылықтың құрылымы оның ішкі мазмұнын ашады, қылмыстық-құқықтық, криминологиялық, әлеуметтік-демографиялық және басқа түрлі топтық белгілерімен көрінетін белгілі бір аумақта, бір кезең ішінде жасалған қылмыстар мен жекеленген қылмыс түрлерінің арасындағы арақатынасты бейнелейді.**

**Қылмыстылықтың сипаты аса қауіпті деген қылмыстардың санымен және қылмысты жасаған адамның мінез-құлық сипатымен анықталады. Осы көрсеткіштер тұрғысынан алғанда криминалдық кәсіби шеберлік, ұйымдастырушылық, жағдаймен санасушылық және басқа да сапалық қасиеттері анықталады.**

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ БЕЛГІЛЕРІ БОЙЫНША ҚЫЛМЫСТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

## КІНӘ ТҮРІ (ФОРМАСЫ) БОЙЫНША

- ҚАСАҚАНА
- АБАЙСЫЗДА

## АУЫРЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІНЕ ҚАРАЙ

- АСА АУЫР
- АУЫР
- АУЫР ЕМЕС
- АЙТАРЛЫҚТАЙ ЕМЕС

## ЖАСАЛҒАН ЖЕРІ БОЙЫНША

- ҚАЛАЛЫҚ
  - АУЫЛДЫҚ
- } КӨШЕДЕ,  
Т.Б.

## ҚОЛ СҰҒУШЫЛЫҚ БАҒЫТЫ БОЙЫНША

- ПАЙДА КӨЗДЕП ЖАСАЛҒАН
- КҮШ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ
- ПАЙДА КӨЗДЕП-КҮШ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ
- ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПКЕ ІРІТКІ САЛУШЫ ӨЛЕУМЕТТІК ҚҰРЛЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ІРІТКІ САЛУШЫ

## ЖАСАЛҒАН САЛАСЫ (ОРНЫ) БОЙЫНША

- ӨНДІРІС
- КӨЛІК
- ҚҰРЫЛЫС
- АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
- САУДА
- БАСҚАРУ
- ЖЕКЕ-ЕҢБЕК, КӘСПКЕРЛІК
- ТҰРМЫС ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС
- МӘДЕНИЕТ, БІЛІМ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

# ҚЫЛМЫСКЕР ТҰЛҒАНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ БОЙЫНША ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

## ЖЫНЫСЫ

- ЕРКЕКТЕР
- ӘЙЕЛДЕР

## ЖАСЫ

- КӘЛІЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР (14-17 ЖАС)
- ЕРЕСЕКТЕР 18-ДЕН ЖОҒАРЫ
- ОНЫҢ ІШІНДЕ 18 БЕН 30 АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАСТАР

## ҚАЙТАЛАМА БЕЛГІЛЕРІ

- БІРІНШІ РЕТ ҚЫЛМЫС ЖАСАУШЫЛАР
- ҚАЙТАЛАП ҚЫЛМЫС ЖАСАУШЫЛАР (РЕЦИДЕВ)

## ҚАТЫСУШЫЛАР САНЫ

- БІР АДАМ
- ҰЙЫМДАСҚАН ТОП
- ҚЫЛМЫСТЫҚ ҰЙЫМ

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ШҰҒЫЛДАНАТЫН КӘСІБІ

- ЖҰМЫСШЫЛАР
- ҚЫЗМЕТШІЛЕР
- АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ
- ОҚИТЫН АДАМДАР
- ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР
- ЖЕКЕ ЕҢБЕК КӘСІБІМЕН ШҰҒЫЛДАНАТЫНДАР
- ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТІНДЕР МЕН ОҚЫМАЙТЫНДАР

## ҚЫЛЫСТЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ. ҚЫЛЫСТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША

**ЖЕКЕ АДАМҒА ҚАРСЫ ҚЫЛЫМАСТАР**

**ОТБАСЫНА ЖӘНЕ КӘМЕЛЕТКЕ  
ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАРСЫ ҚЫЛЫМАСТАР**

**АДАМНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ КОНСТИ-  
ТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОС-  
ТАНДЫҚТАРЫНА ҚАРСЫ ҚЫЛЫМАСТАР**

**БЕЙЫТШІЛІК ПЕН АДАМЗАТ  
ҚАУПСІЗДІГІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛЫМАСТАР**

**МЕМЛЕКЕТТІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ  
ҚҰРЛЫСЫНА ЖӘНЕ ҚАУПСІЗДІГІНЕ ҚАРСЫ  
ҚЫЛЫМАСТАР**

**МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ҚЫЛЫМАСТАР**

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ  
САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛЫМАСТАР**

**КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ  
ҰЙЫМДАРҒА ҚЫЗМЕТ МҮДДЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫ  
ҚЫЛЫМАСТАР**

**ҚОҒАМДЫҚ ҚАУПСІЗДІККЕ ЖӘНЕ  
ҚОҒАМДЫҚ ТӨРТШКЕ ҚАРСЫ ҚЫЛЫМАСТАР**

**ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЖӘНЕ  
АДАМГЕРШІЛІГІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛЫМАСТАР Т.Б.**

## **КРИМИНАЛДЫҚ КӘСІПҚОЙ**

### **КРИМИНАЛДЫҚ КӘСІПҚОЙҒА ТӘН ҚАСИЕТТЕР**

- ҚЫЛМЫСҚЕРДІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТПЕН АЙНАЛЫСУҒА ҚАЖЕТТІ;
- БЕЛГІЛІ БІР БІЛІМ МЕН ДАҒДЫЛАРДЫҢ БОЛУЫ;
- ҚЫЛМЫСҚЕРДІҢ БІР ТЕКТЕС ҚЫЛМЫСТАР ЖАСАУЫНАН БАЙҚАЛАТЫН;
- БЕЛГІЛІ БІР МАМАНДАНУЫ;
- ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ЖҮЙЕЛІ СИПАТЫ;
- ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІ НЕГІЗГІ ТАБЫС КӨЗІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ;
- ҚЫЛМЫСТЫҚ НЕМЕСЕ БІРІККЕН ТОПТАРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

**Жасырын қылмыстылық — бұл нақты бір жерде және белгілі бір уақытта құқық қорғау органдары әшкерелеп тіркемеген қылмыстар, немесе белгілі қылмысты заңсыз сол органдардың лауазымды адамдарымен тіркеуге кедергі болып жасырылған қылмыстар мен оларды жасаған адамдардың жиынтығы**

**Жасырын қылмыстылықтың жіктелуі  
(өзінің жасырындылығына қарай)**

**Жасырындылығының  
дәрежесі жоғары қылмыстар**

**Жасырындылығының  
дәрежесі орташа қылмыстар**

**Жасырындылығының  
дәрежесі бірқалыпты қылмыстар**


**Жасырындылығының  
дәрежесі төмен қылмыстар**



## ЖАСЫРЫН ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ СЕБЕПТЕРІ

- қылмыскер мен оның құрбаны немесе оның жақындарының арасындағы «мәмілеге келу» мәселесі;
- «қажеті жоқ деп тану, хабарламау» мәселесі;
- қылмыскердің қол сұғатын объектісін лайықтап таңдап алуы мен дәлме-дәл жоспарлап алуы;
- заңға бағынышты азаматтардың құқық қорғау органдары қызметкерлерімен істес болғысы келмеуі;
- халықтың белгілі бір бөлігінің құқық қорғау органдарына деген сенімдерін жоғалтуы;
- келген шығының елеусіздігіне және оның көп уақыт алатындығына байланысты қылмысты хабарламау;
- құқық қорғау органдарының сапасыз жұмыстары мен адамгершілікке жатпайтын қылмыстық-құқықтық тыйым салушылығы, шын мәнісінде азаматтардың мұндай тыйым салушылықты түсіне бермеуі;

**ЖАСЫРЫН ҚЫЛМЫСТАР —  
ҚЫЛМЫСТЫҚ ТАЛДАУДА  
КӨРСЕТІЛМЕЙ ҚАЛҒАН  
ҚЫЛМЫСТЫҢ БӨЛІГІ**



ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ  
МЕКЕМЕЛЕРІНЕ  
БЕЛГІСІЗ ҚАЛҒАН  
ҚЫЛМЫСТАР  
(«ТАБИҒИ»  
БЕЙМӘЛІМДІК)

ҚЫЛМЫСТЫҢ ЖАСАЛҒАНЫ  
ДӘЛЕЛДЕНБЕГЕНДІКТЕН  
ТАЛДАУДА КӨРСЕТІЛМЕГЕН  
ҚЫЛМЫСТАР

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ  
МЕКЕМЕЛЕРІНЕ  
БЕЛГІЛІ БОЛСА ДА,  
ЕСЕПКЕ  
АЛЫНБАҒАН  
ҚЫЛМЫСТАР  
(«ЖАСАНДЫ»  
БЕЙМӘЛІМДІЛІК)

## **ЖАСЫРЫН ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ (ТЕРІС) ЖАҚТАРЫ**

қылмыстың нақты көлемі, оның жай-күйі, құрылымы, қозғалысы және қылмыстан келген зиянның сипаты мен шамасы туралы қате түсінік береді;

қылмысты болжаудың нақтылы дәрежесін кемітеді, онымен күрес бағыттарын анықтауды қиындатады;

жасалған қылмыс үшін жауаптылықтан қашып құтыла алмау қағидасының жүзеге асырылуына бөгет жасайды;

құқық қорғау мекемелерінің беделіне нұқсан келтіреді;

қылмыстылықтың, оның ішінді қайталанған қылмыстардың өсуіне жағдай жасайды;

азаматтардың қылмыспен күресу белсендігін төмендетеді.



**ҚЫЛМЫСТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛДАРЫ** — қоғам мүдделеріне қылмыстың келтіретін нақты шығыны, ол жасалған қылмыспен тікелей және жанама байланысты тіке және жағымсыз өзгерістерге түскен әлеуметтік құндылық


**ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ ІШКІ ІСТЕР  
ОРГАНДАРЫНДАҒЫ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ЕСЕП БОЙЫНША**

**ІС ӘРЕКЕТІ  
БОЙЫНША  
(ФОРМА №1)**

**ТҰЛҒАЛЫҚ  
(ФОРМА №2)**

**ІШКІ ІСТЕР  
МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ  
БОЙЫНША**


# ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ СЕБЕПТЕРІ




**Себеп пен шарттың объективтілігі адамдардың  
еркі мен санасынан тыс құбылыс**

**Себеп пен шарттың субъективтілігі  
адамдар қызметінің қате және  
жеткіліксіз әрекетін білдіретін детерминанттар**

## ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ








**Себепті байланыс – құбылыстың пайда болуындағы заңдылық байланыстың ерекше түрі**


## ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ СЕБЕПТЕРІ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ (ДЕҢГЕЙЛІК СИПАТЫ)



## ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ СЕБЕПТЕРІНІҢ НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛАРЫ

### Социологиялық:


**Ж.П. Марат  
(1743-1793)**  
**А.Н. Радищев  
(1749-1802)**  
**А.Сен Симон  
(1760-1825)**  
**Ш. Фурье  
(1772-1837)**  
**Р. Оуэн  
(1771-1858)**  
**А.Ж.Кетле  
(1796-1874) т.б.**



### Биологиялық:

**(Чезаре Ломброзо  
(1830-1909)**  
**Морган Томас Хант  
(1866-1945)**  
**Зигмунд Фрейд  
(1856-1940)**  
**Эмиль Дюркгейм  
(1858-1917)**  
**Габриэль Тард  
(1843-1904) т.б.**

## ҚЫЛМЫСКЕР ТҰЛҒА (ДЕҢГЕЙЛІК СИПАТ)




## **ТҰЛҒАНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ТИПІ (ТҰРПАТЫ)**

**КРИМИНОГЕНДІ ТҰЛҒА  
(ҚЫЛМЫС ЖАСАУҒА  
БЕЙІМДІ АДАМ)**

**ҚЫЛМЫСКЕР ТҰЛҒА  
(ҚЫЛМЫС ЖАСАҒАН АДАМ)**

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ТҰЛҒА  
(БЕРІК ТҮРДЕ  
ҚЫЛМЫСТЫҚ ӨМІР  
САЛТЫН ҰСТАУШЫ  
АДАМ)**

**Қылмыскер тұлғасының құрылымын анықтау барысында оны басқа адамдармен араласу нәтижесінде және өз кезегінде белгілі бір істің; танымның, қарым-қатынастың субъектісі ететін әлеуметтік мәні бар қасиеттер жиынтығын иеленуші деп  арау керек**





## ҚЫЛМЫСКЕР ТҰЛҒАСЫНА ТӘН ҚАСИЕТТЕР


*Бірінші* – адамның қылмыс  
жасағанына дейін пайда  
болған қасиет

*Екінші* – қылмыстық өмір салтынан  
пайда болған, өз кезегінде  
осы салттан бас  
тартуды күрделендіре түсетін қасиет



**Жіктеу – белгілі бір объектіге тән мәнді деген белгілерге орай осы объектілерді бөлуге байланысты логикалық операция. Қылмыскерлерді жіктеудің әр түрі болуы мүмкін**

**Қылмыскердің ниетіне қарай келесі типтерге бөлуге болады:**



## ҚЫЛМЫСКЕР ТҰЛҒАСЫНЫҢ ТҰРПАТЫ

### ҚЫЛМЫСКЕРЛЕРДІҢ ТҮРЛІ ТҰРПАТЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАТ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАҒДАРЫНЫҢ СИПАТЫ

АДАМ МЕН ОНЫҢ ЕҢ  
МАҢЫЗДЫ ИГІЛІКТЕРІНЕ  
ЖАҒЫМСЫЗ НЕМКЕТТІ  
ҚАРАУ (КҮШ ҚОЛДАНЫП  
ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫСТАР)

ПАЙДАКҮНЕМДІК НИЕТТЕГІ:  
ЖЕКЕ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ  
ҰСТАНЫМДАРЫН  
ЕЛЕУМЕУШІЛІК (ТАЛАН-  
ТАРАЖ, АЛАЯҚТЫҚ,  
ПАРАҚРОЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА  
ДА ПАЙДАКҮНЕМДІК  
ҚЫЛМЫСТАР)

ТҮРЛІ НОРМАТИВТІК  
ЖАҒДАЙЛАР МЕН ӨЗІНІҢ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕРІНЕ  
ИНДИВИДУАЛИСТІК,  
ҚОҒАМҒА ЖАТ КӨЗҚАРАСЫ  
(БҰЗАҚЫЛЫҚ, ӨЗ БЕТІМЕН  
ЖҮРУШІЛІК, ӨКІМЕТ  
ӨКІЛДЕРІНЕ БАҒЫНБАУ Т. Б.)

## ӘЛЕУМЕТКЕ ҚАРСЫ БАҒДАРЫНЫҢ ТЕРЕҢДІГІ МЕН БЕРІКТІГІ БОЙЫНША ҚЫЛМЫСКЕРЛЕРДІҢ ТҰРПАТЫ

### КЕЗДЕЙСОҚ

*Алғаш жалпы әлеуметтік-жағымды бағдарына қайшы келетін қылмыс жасаған адам*

### СИТУАЦИЯЛЫҚ

*Жағымсыз сыртқы жағдайлардың әсерімен алғаш қылмыс жасаған адам*

### ТАБЫНСЫЗ ТҰРАҚСЫЗ

*Бұрын да түрлі бұзушылық пен аморальдық іс-әрекетке жол бергенде, алғаш қылмыс жасаған адам*


### ӨРЕСКЕЛ

*Бұрын бірнеше қылмыс жасаған үшін қылмыстық-құқықтық шаралар қолданылмаған адам*

### АЙРЫҚША ӨРЕСКЕЛ


*Қылмыстық-құқықтық шаралар қолданылғанына қарамастан бірнеше рет қылмыс жасаған адам*

## НАҚТЫ ҚЫЛМЫС ЖАСАУ СЕБЕПТЕРІ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖЕКЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ СЫЗБАСЫ (КЕСТЕСІ)




Нақты қылмыстың себептері осы қылмысты жасау ниетін және шешімін тудыратын сыртқы жағдайлар мен адамгершілік қалыптасуының жағымсыз жақтарының нәтижесі ретінде адамның жағымсыз адамгершілік-психологиялық қасиеттерінің ықпалымен қалыптасады.

# НАҚТЫ ҚЫЛМЫС ЖАСАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТЕТІКТЕРІ



**ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙ – ТҰЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК  
ОРТАДАҒЫ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІНІҢ ЕРЕКШЕ  
ДЕҢГЕЙІ, СОНЫМЕН БІРГЕ АДАМНЫҢ АДАМГЕРШІЛІГІ  
ҚАЛЫПТАСУЫ КЕЗЕҢІНДЕ ҚОЛАЙСЫЗ ЖАҒДАЙЛАРҒА  
БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫС ЖАСАУҒА МӘЖБҮР БОЛУЫ**



## НАҚТЫ ӨМІРЛІК ЖАҒДАЙДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ШЕГІ

### *1. Таралу көлемі бойынша:*

- а) кең көлемдегі аумақта; б) белгілі бір шектелген кеңістікте орын алуы мүмкін.

### *2. Уақыттық сипаты бойынша:*

- а) ұзақ сипатты; б) біржолғы, қысқа мерзімді.

### *3. Әрекет ету көлеміне қарай:*

- а) бір шеңберден аспайтын; б) көпшілікке әсер ететін.

### *4. Пайда болу көздеріне қарай:*

- а) адамдардың өздері жасалған; б) табиғаттың дүлей күшімен, физикалық құбылыстардың және табиғи заңдылықтармен пайда болған; в) құрбанның әрекетімен байланысты; г) аралас жағдайлар.

### *5. Мазмұнына қарай:*

- а) проблемалық; б) шиеленісті.

### *6. Кінәліге әсер ету сипатына қарай:*

- а) экстремальды-ерекше; б) азғырушы не арандатушы; в) бәсеңдетуші.

**Әлеуметтену институттары — бұл арнайы құрылған жүйе немесе бірінші кезекте жеке тұлғаны оқыту және тәрбие беруге бағытталған және арналған, өзінше қалыптасқан мекемелер мен органдар.**


### **Шағын орта типтері**

- отбасылық-тұрмыстық;
- оқу-тәрбиелік;
- мәдени-ағартушылық;
- спорттық;
- өндірістік-еңбек;
- қоғамдық-саяси;
- әскери;
- діни;

*ерекше түрі – мәжбүрлеп тәрбиелеу*



## КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ




# ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АҚПАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ


**Криминологиялық ақпар** — қылмыстылықты (оның жай-күйін, деңгейін, құрылымын, динамикасын), оның себептері мен жағдайларын, қылмыскер тұлғасын, құқық қорғау мекемелерінің сондай-ақ қылмыстылықпен күресетін басқа да мемлекеттік және қоғамдық мекемелердің жұмысын сипаттайтын деректер




## КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АҚПАРДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ




# КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ НАҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІСТЕРІ




## ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ



# ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚҚА ӘЛЕУМЕТТІК ӘСЕРДІҢ ЖАЛПЫ СЫЗБАСЫ



## ҚЫЛМЫС СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ



# ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР





## АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫН ЖІКТЕУ (ТОПТАУ)

### Алдын алу деңгейі бойынша

- жалпы әлеуметтік;
- арнайы криминалдық

### Қолданылу мөлшері бойынша

- жалпы;
- жеке индивидуалды

### Қолданылу көлемі бойынша

- жалпы мемлекеттік;
- аймақтық;
- жергілікті

### Қолдану субъекті бойынша

- мемлекеттік;
- қоғамдық


### Мазмұны бойынша

- әлеуметтік–саяси;
- экономикалық;
- мәдени–тәрбиелік;
- ұйымдастыру–әкімшілік;
- құқықтық;
- криминалистикалық


### Бағытталу бойынша

- қылмыстардың түрі және қылмыстық мінез-құқықтың тұрпаты бойынша;
- қоғамдық өмірдің салалары бойынша;
- арнайы криминогенді әлеуметтік топтары бойынша;
- халық шаруашылығы және материалдық–экономикалық қызмет салалары бойынша;
- түрлі территориялық аймақ, аумақ және объектілер бойынша


# ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ІШКІ ІСТЕР МЕКЕМЕЛЕРІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ




**ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУДЫ,  
ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**



# АЛДЫН АЛУ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ



## ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ ТҮРЛЕРІ МЕН ОНЫҢ МІНДЕТТЕРІ



# ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ЖАЛПЫ АЛДЫН АЛУ



## ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ЖЕКЕ ТҮРІ

### ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ЖЕКЕ ТҮРІНІҢ ӘДІСТЕРІ

#### СЕНІМІ

##### ТҮРІ

- профилактикалық алдын алу, әңгіме;
- құқыққа қарсы мінез-құлықты көпшіліктің талқысына салу;
- әлеуметтік пайдалы іске тарту;
- тәлімгерлік

##### ТӘСІЛДЕРІ

- түсініктері жоққа шығару;
- сенім білдіру;
- салыстыру және қарсы қою;
- қарым-қатынастарды бұзу;
- моральдық қолдану;
- ынталандыру

#### МӘЖБҮР ЕТУ

##### ҚҰРАЛДАРЫ

- |  |   |
|--|---|
| <ul style="list-style-type: none"><li>- ескерту;</li><li>- айып;</li><li>- заттың ақысын өндіріп алу;</li><li>- ресми ескерту беру;</li><li>- мүлікті тәркілеу;</li><li>- арнайы құқықтарынан айыру;</li><li>- түзу жұмыстары;</li><li>- әкімшілік қамау (тұтқындау);</li><li>- мәжбүр етіп емдеуге жолдау;</li><li>- іс-әрекетін шектеу</li></ul> | <ul style="list-style-type: none"><li>- әкімшілік қадағалау;</li><li>- келтірілген шығанды өтеуді міндеттеу;</li><li>- лауазымнан айыру;</li><li>- бас бостандығынан айыру;</li></ul> |
|--|---|


## ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

### ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҮРЛЕРІ ШАРАЛАРЫН ЖІКТЕУ

<b>Криминологиялық міндеттердің айырмашылық деңгейі бойынша</b>	<b>Көлемі (масштабы) бойынша</b>	<b>Жүзеге асыру сәтінен бастап</b>	<b>Жеке тұлғаға әсер ету қарқыны бойынша</b>	<b>Радикалдылық дәрежесі бойынша</b>
<ul style="list-style-type: none"><li>- аймақтың әлеуметтік дамуының жалпы шаралары;</li><li>- криминологиялық мәселелерді шешудің арнайы шаралары бойынша</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>- елдің бар аумағында;</li><li>- аймақта (салада);</li><li>- объектіде;</li><li>- адамдар тобына қатысты;</li><li>- белгілі бір адамға қатысты</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>- ерте алдын алу;</li><li>- тікелей ескерту;</li><li>- рецидивті қылмыстылықтың алдын алу</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>- жалпы тәрбиелік және ұйымдастыру жұмыстарының көлемінде (шегінде);</li><li>- жалпы тәрбие жұмысы көлемінде адамдардың арнайы тобына қатысты;</li><li>- қарқынды тәрбиелеу және бақылауды қажетсінетін адамдар тобына қатысты;</li><li>- құқықтық әсерді талап ететін (қажетсінетін) адамдар тобына қатысты</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>- алдын алушы;</li><li>- жоюшы;</li><li>- криминогенді құбылыстарды бейтараптандырушы</li></ul>



## АЛДЫН АЛУҒА ҚАЖЕТТІ АҚПАРАТТАРМЕН ЖҰМЫС КЕЗЕҢДЕРІ



## **ІШКІ ІСТЕР МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСЫТРУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

### **ҚЫЛМЫСТАРДЫ АЛДЫН АЛУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАДЫ**

- ішкі істер мекемелерін қоса алғандағы алдын алу қызметі субъектілерінің қылмыстың, қоғамдық тәртіптің жай-күйі, күш қолдануы және құралдары туралы ақпараттар;
- құқық бұзушы адамдар, шартты (мерзімге) түрде сотталған, бас бостандығынан айырудан басқа жазаға тартылған адамдар туралы деректер, сотталмаған, алайда мінез-құлқы қылмыс жасауға бейім адамдар туралы деректер;
- республикадағы, облыстағы, қаладағы, аудандағы әлеуметтік-экономикалық және демографиялық процестер туралы мәліметтер;
- ішкі істер министірлігі мен басқа агенстволардың ғылыми-зерттеу мекемелеріндегі зерттеулер нәтижесі;
- қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде және азаматтардың қауіпсіздігін, олардың мүлкін сақтауда ішкі істер мекемелерінің қатысы талап етілген шаралар туралы хабарлар.

**ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСТАРЫНДА  
ҚОЛДАНЫЛАТЫН АҚПАТАТТАРДЫ ЖІКТЕУ (МАЗМҰНЫ БОЙЫНША)**

**АҚПАРАТ ТҮРЛЕРІ**

**ЖАЛПЫ ӘЛЕУМЕТТІК**

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ

ӘЛЕУМЕТТІК — МӘДЕНИ

ТӘРБИЕ ЖӘНЕ  
ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ

ЖҰМЫСТАР ТУРАЛЫ

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ  
МЕДИЦИНАЛАҚ АХУАЛ  
ТУРАЛЫ

АРНАЙЫ МЕКЕМЕЛЕР  
ТУРАЛЫ

**АРНАУЛЫ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ**

ҚЫЛМЫС ТУРАЛЫ

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ

ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІРДІҢ  
ТҮРЛІ САЛАЛАРЫНДАҒЫ  
(ӨНДІРІС, ҚОҒАМДЫҚ  
ОРЫНДАР, ТҰРМЫС) ЖА-  
ҒЫМСЫЗ ҚҰБЫЛЫСТАР

БҰРЫН СОТТАЛҒАНДАР  
ТУРАЛЫ

ҚОҒАМҒА ЖАТ ӨМІР  
САЛТЫН ҰСТАНУШЫЛАР  
ТУРАЛЫ


КӘМЕЛЕТКЕ  
ТОЛМАҒАН ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛАР ТУРАЛЫ

ЖЕКЕ ПРОФИЛАК-  
ТИКА ОБЪЕКТІСІ РЕ-  
ТІНДЕ АНЫҚТАЛА-  
ТЫН БАСҚА АДАМ-  
ДАР ТОБЫ ТУРАЛЫ

АЛДЫН АЛУ ЖҰ-  
МЫСТАРЫНЫҢ ЖАЙ-  
КҮЙІ ЖӘНЕ НӘТИ-  
ЖЕСІ ТУРАЛЫ

ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН  
АЛУҒА ҚАТЫСУШЫ  
КҮШТЕР ТУРАЛЫ

# ЖЕКЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН АДАМДАРДЫ АНЫҚТАУ



## МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ БОЙЫНША ҚЫЛМЫС ЖАСАУҒА БАРАТЫН АДАМДАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ КӨЗІ

*Ішкі істер меке-  
мелері қызмет-  
керлер басқа  
мемлекеттік  
басқару орган-  
дары қызмет-  
керлерімен, қо-  
ғамдық ұйым  
өкілдерімен,  
азаматтармен  
күнделікті қа-  
рым-қатынасы*


*Ішкі істер мекеме-  
лерін құқық бұзу-  
шылық және құ-  
қық бұзушылар  
туралы мәлімет  
беретін анықтама  
картотекамен  
басқа құжаттар*

*Соттан, тергеуші-  
лерден, анықтау  
органдарынан,  
түзеу меке-  
мелерінен, түзу  
жұмыстары  
инспекциясынан  
түсетін материал-  
дар*


*Қоғамдық  
тәртіп сақтау  
пунктерінің  
материалдары*

*Әкімшілік мәлімет-  
тері (халықты жұ-  
мысқа орналасты-  
ру бөлімдерінің,  
кәмелетке толма-  
ғандар ісі жөнінде-  
гі комиссияның,  
білім департамен-  
тінің)*


# НАҚТЫ АДАМДАР ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУЫН АҚПАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



**ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖЕКЕ  
ҚАСИЕТТЕРІН, ОЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН, ӨМІРЛІК  
ЖАҒДАЙЛАРЫН ЗЕРТТЕУ**



## ЖӘБІРЛЕНУШІНІҢ ТҰЛҒАСЫ ВИКТИМОЛОГИЯНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ




**Виктимологиядағы кінә —**  
элеуметтік категория ретінде  
қылмыстан жәбірленушінің теріс  
мінезін, қоғам немесе азамат  
мүддесіне деген өрескел мінез-  
құлқын көрсетеді




**Жекеленген адамның виктимділігі** — бұл қылмыстық әрекетпен жүзеге асырылған «бейімділік», анығырақ айтқанда белгілі бір жағдайда қылмыс құрбанына айналу қабілеті

**Виктимділік** — соңғы және қорытынды нәтижесіне қарай потенциалды құрбанның нағыз құрбанға айналу процесі

**Криминалдық виқтимология** — құрбан туралы жалпы ілімнің ішінара дербес тарауы болып саналатын ғылымның кешенді, пәнаралық саласы болып танылады. Ол жалпы қылмыстылықпен тиімді күрес жүргізу мақсатында қылмыс құрбанының сандық және сапалық, әлеуметтік, психологиялық және биологиялық қасиеттерін, сондай-ақ оның қылмыскермен қарым-қатынас заңдылықтарын, болуы мүмкін деген қылмыстық қол сұғудың нысандары мен жолдарын зерттейді.





## **ҚЫЛМЫС ҚҰРБАНДАРЫН ЖІКТЕУ**

**Қылмыстың субъективтік жағының мазмұны бойынша**

**Қылмыстық қол сұғудың бағыты бойынша**

**Жәбірленушіге келтірілген шығынның сипаты бойынша**

**Құрбан мен қылмыскер арасындағы қарым-қатынасы бойынша**

**Құрбанның қылмыс түріндегі рөлі бойынша**

**Өзге де әлеуметтік сипаттары бойынша**

**Психологиялық критерийлері бойынша**

**Құрбанның биофизикалық қасиеттері бойынша**

**Құрбанның қылмысқа дейінгі және қылмыс жасалу кезіндегі мінез-құлқы бойынша**

## **БЕЛСЕНДІ ЖӘНЕ СЕЛСОҚ ҚҰРБАНДАРДЫ ЖІКТЕУ**

**Мінез-құлқында қылмыстық жазалауға жататын әрекеті бар құрбан**

**Мінез-құлқы, адамгершілік нормаларының бұзылуымен сипатталатын құрбан**

**Белгілі бір себептермен өзіне зиян келтіру үшін арандатушы құрбан**

**Өзіне өзі зиян келтіретін құрбан**

**Өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде зиян келтіретін**

**Азаматтық борышын орындау кезінде зиян келтіретін құрбан**

**Өмір жағдайына қарсы тұра алмайтын құрбан**

**Қылмыстық басқыншылықты басуға қабілеті келмейтін, не құқығы жоқ құрбан**

**Белсенді құрбандар тобына мінез-құлқы психикалық кінәратымен немесе жүйкесінің тозуымен сипатталатын құрбандарды да жатқызуға болады.**

# ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫ ЕСКЕРТУ БОЙЫНША КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ТЕОРИЯНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ


## Қылмыстылықты ескертудің теориясы

### Жалпы бөлім:

қылмыстылықты ескерту  
нәрсесі мен ұғымы, оның  
субъектісі, жүйесі, міндеттерді  
шешуге байланысты  
шаралардың ерекшеліктері, осы  
қызметті ұйымдастыру мен  
басқару, жүйенің даму бол-  
жамы, қылмыстық алдын алуды  
жоспарлау мен үйлестіру және  
басқалары кіреді


### Ерекше бөлім:

қылмыстың жекеленген  
түрлері мен нысандарын  
ескерту ерекшеліктерінің  
криминологиялық  
сипаттамасы жатады







# ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫ ЕСКЕРТУДІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ



# ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫ ЕСКЕРТУДІҢ ТҮРЛЕРІ



# ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ҚЫЗМЕТІ



## ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

### Көлемі бойынша:

- жалпы;
- ерекше;
- жеке

Әсер ету объектісіне қарай:  
саласына байланысты  
қылмыспен күрестің  
негізгі бағытына қарай;

### Мазмұнына қарай:

- экономикалық;
- демографиялық;
- саяси;
- ұйымдастырушылық
- техникалық
- құқықтық

### Әсер ету механизміне қарай:


- қылмыстылықтың себептері мен шарттарын болдырмайтын шаралар;
- оның әрекетін залалсыздандыратын шаралар;
- әрекетін әлсірететін, шектейтін шаралар;
- қылмыстық ниетті жүзеге асыруға кедергі болатын

### Ауқымы бойынша:

- республикалық;
- аймақтық;
- жергілікті;
- шектеулі объектіде;
- салалық

# ЕСКЕРТУ ҚЫЗМЕТІНІҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ

Саяси жетекшілер субъектілері



Құқықтық реттеу және басқару билігінің субъектілері



Ескерту қызметінің бағдарлау субъектілері



Ескерту қызметінің бағыттары бойынша басқаруды жүзеге асыратын субъектілер



Қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын субъектілер

# ҚЫЛМЫСТЫҢ ҚАЙТАЛАНУ СЕБЕПТЕРІ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ

## Жалпы

- адамгершілік қалыптасуының жағымсыз жақтары;
- криминогендік факторлар;
- криминогенді жағдайлар

## Арнайы

ТҰЛҒАЛЫҚ	ТҰЛҒАЛЫҚ ЕМЕС
<ul style="list-style-type: none"> <li>- қылмыстық топтарымен қарым-қатынасы, бас бостандығынан айыру орындарында болуы, қылмыстық тәжірибесінің нәтижесінде қалыптасқан жағымсыз адамгершілік - психологиялық қасиеттері;</li> <li>- әлеуметке жат берік бағдары;</li> <li>- өмірден түңілу, өз күші мен мүмкіндіктеріне сенбеу;</li> <li>- отбасылық, туыстық, басқа пайдалы байланыстардың үзілуі</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қылмыстық жазалаудың, әсіресе, бас бостандығынан айырудың жағымсыз жақтары;</li> <li>- жазаны өтеуді ұйымдастырудағы кемшіліктері мен қателіктер;</li> <li>- айналадағылардың сенімсіздігі мен сезіктенуі;</li> <li>- қылмыстық элементтердің, оның ішінде жазасын бірге өтегендердің теріс ықпалы;</li> <li>- құқық қорғау мекемелерінің жұмысындағы кемшіліктер (алдын алу, әкімшілік қадағалау)</li> </ul>

## ҚАЙТАЛАНҒАН ҚЫЛМЫСТЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

### ЖАЙ-КҮЙІ

БЕЛГІЛІ БІР АУМАҚТА БЕЛГІЛІ БІР  
УАҚЫТТА ЖАСАЛҒАН  
ҚАЙТАЛАНҒАН ҚЫЛМЫСТАР МЕН  
ОЛАРДЫ ЖАСАҒАН АДАМДАРДЫҢ  
АБСОЛЮТТІ

### ҮЛЕС САЛМАҒЫ

ЖАСАЛҒАН БАРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАР  
(ҚЫЛМЫС ЖАСАҒАН АДАМДАР) ІШІНДЕГІ  
ҚАЙТАЛАНҒАН ҚЫЛМЫСТАР  
(ҚЫЛМЫСКЕРЛЕР) ҮЛЕСІ (%)

---

ҚАЙТАЛАНҒАН ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ  
ҚЫЛМЫС

### ҚҰРЫЛЫМЫ

БАРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫ ҚАЙТАЛАУ  
АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ  
(ҚЫЛМЫСКЕРЛЕРДІҢ) ТҮРЛЕРІ  
МЕН ТОПТАРЫНЫҢ АРА ҚАТНАСЫ

### ДЕҢГЕЙІ - КОЭФФИЦЕНТІ

ҚАЙТАЛАНҒАН ҚЫЛМЫСТАР  
(ҚЫЛМЫСКЕРЛЕР) САНЫНЫҢ БАР-  
ЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАР (ҚЫЛМЫСКЕР-  
ЛЕР) САНЫНА ҚАТЫНАСЫ

### ДИНАМИКА

БЕЛГІЛІ БІР УАҚЫТТАҒЫ  
РЕЦИДИВТІ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ЖАЙ-  
КҮЙІНІҢ, ҮЛЕС САЛМАҒЫНЫҢ,  
ҚҰРЛЫМЫНЫҢ, КОЭФИЦЕНТІНІҢ  
ӨЗГЕРУІ

## ҚЫЛМЫСТЫ ҚАЙТАЛАУДЫҢ ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІЛІГІ

**ҚЫЛМЫСКЕР  
ТҰЛҒАНЫҢ  
ҚАУІПТІЛІГІ  
ТҮРҒЫСЫНАН**

ТҰЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТКЕ ЖАТ КӨЗҚАРАСЫ ЖӘНЕ АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДЕНДЕП БҰЗЫЛУЫ; ЗАҢДЫ САҚТАУ, ҚОҒАМ ЖӘНЕ БАСҚА АДАМДАР МҮДДЕЛЕРІН СЫЙЛАМАУ; ӨЗІН ҚОҒАМҒА ЖӘНЕ, ҚАЛЫПТАСҚАН ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПКЕ ҚАРСЫ ҚОЮ

**ҚЫЛМЫСТЫ  
ҚАЙТАЛАУМЕН  
КҮРЕС ЖАҒДАЙЫ  
ТҮРҒЫСЫНАН**

ҚЫЛМЫСТЫҚ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ, БІЛІК-ДАҒДЫЛЫРЫНЫҢ БОЛУЫ; ҚЫЛМЫСТЫҚ ІЗІН ЖАСЫРЫП, ЖАУАПТЫЛЫҚТАН ҚҰТЫЛЫП КЕТУ БІЛІГІ; ЖАЗАЛАНУ ҚАУІПІН ЕЛЕМЕУІ, ЖАЛПЫ АЛДЫН АЛУДЫҢ ЖЕТКІЛІКСІЗДІГІ; ТҮЗУ ӘСЕРІНЕ БЕРІЛЕ ҚОЙМАЙТЫНДЫҒЫ

**КРИМИНАЛДЫҚ  
КЕСЕЛІ**


МИКРООРТАНЫ БҰЗУ ЫҚПАЛЫ (МАСКҮНЕМДІК, НАШАҚОРЛЫҚ, ҚҰМАР (АЗАРТЫ) ОЙЫНДАР Т. Б.); ҚЫЛМЫСТЫҚ ӨМІР САЛТЫН, ҚЫЛМЫСТЫҚ ӘСІРЕҚЫЗДЫҚТЫ НАСИХАТТАУ

**ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ  
(ЫҚПАЛЫ)**

ҚЫЛМЫСТЫҢ ЖОЙЫЛМАЙТЫНЫ, ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ МЕКЕМЕ-ЛЕРІНІҢ ӘЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМСІЗДІГІ ТУРАЛЫ ПІКІР ТУДЫРУ, ЖЕКЕ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ, ҚҰҚЫҚТЫҚ, МҮДДЕНІҢ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУİNДЕГІ СЕНІМСІЗДІКТІ, ҚАУІПТІ, АЛАҢДАУШЫЛЫҚТЫ, ЫҢҒАЙСЫЗДЫҚТЫ СЕЗІНДІРУ



**СОТТАЛҒАНДАРДЫ ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ТӘРБИЕЛЕУ  
ЖӨНІНДЕ ТҮЗЕУ МЕКЕЛЕЛЕРІ МЕН ЖАЗА ӨТЕЛЕТІН БАСҚА  
ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ЖЕТІЛДІРУ**



**ЖАЗАСЫН ӨТЕП КЕЛГЕН АДАМДАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛУІН  
ЖЕҢІЛДЕТУ, ОЛАРДЫҢ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ,  
ТҰРМЫСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ, ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК**

# КӘСІБИ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫ ЕСКЕРТУ

**Кәсіби қылмыс — бұл криминалды кәсіптегі тұлғалардың негізгі және қосымша табыс табу мақсатында жасалған қылмыстарының жиынтығы**

**Криминалды кәсіптіліктің негізгі белгілері:**

**Қылмыс субъектісі үшін өмір сүру көзі болып табылады**

**Қоғамға қарсы ортамен сыбайластық**

**Қажетті білім мен дағдыларды игеру (біліктілік)**

**Қылмыстың бір түрін таңдап алу (мамандану)**

***Криминалды карьера* — субъектінің қылмыс әлемінде аты шығуы мен беделіне байланысты өткен өмір жолымен бірге оның қылмыстық кәсібінің жетілуі**

**Кәсіби қылмыскер — бұл арнайы білімнің негізінде қылмыстық әрекетінің тәжірибесі мен біліктілігі тұрақты сипатқа ие болған тұлға және ол оның өмір сүруінің негізгі көзі болып табылады**

# КӘСІБИ ҚЫЛМЫСКЕР

## КӘСІБИ ҚЫЛМЫСКЕРГЕ ТӘН ҚАСИЕТТЕР:

- қылмыскердің қылмыстық іс-әрекетпен айналысуға қажетті белгілі бір білім мен дағдылардың болуы;
- қылмыскердің бір тектес қылмыстар жасауынан байқалатын белгілі бір мамандануы;
- қылмыстық іс-әрекеттің жүйелі сипаты;
- қылмыстық іс-әрекеті негізгі табыс көзі болып табылады;
- қылмыстық немесе біріккен топтармен байланысы




**КРИМИНАЛДЫ КӘСІБИЛІКТІҢ  
ӨМІРШЕНДІГІНЕ ЖАҒДАЙ ТУҒЫЗАТЫН  
НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК ШАРТТЫЛЫҚТАР**


**Қоғамдағы қатынастарды бөлудегі  
қарама-қайшылықтар**

**Жеке адамгершіліктік және әлеуметтік  
институттардың әлсіреуі**

**Кәсіби қылмыстылық пен оның  
салдарының қоғамға қауіптілік  
дәрежесін бағаламау**



# ҰЙЫМДАСҚАН ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ



## ҰЙЫМДАСҚАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ТОПТАР

### ОЛАРҒА ТӘН СИПАТТАР

- ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРІНІҢ ҰЗАҚТЫҒЫ;
- БЕРІКТІГІ;
- ТҮП-ТАМЫРЛЫ ЖАҚЫНДЫҚ, ОТБАСЫЛЫҚ;
- МАҚСАТТАРЫНЫҢ БІРДЕЙЛІГІ;
- ИЕРАРХИЯ;
- ҰЙЫМДАСТЫРУ-БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ КӨРІНІСТЕРІ;
- МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАРЫНЫҢ АРНАЙЫ НОРМАЛАРЫ;
- ӘЛЕУМЕТТІК БАҚЫЛАУ САЛАЛАРЫН БЕЙТАРАПТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ «БАРЛАУ», «ҚАРСЫ БАРЛАУ»;
- ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ЕЛЕУЛІ ҚАРЖЫ ҚОРЫНЫҢ БОЛУЫ;
- ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР САЛАСЫН КЕҢЕЙТУ




## **КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЕСКЕРТУ**

*Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы — бұл 14-18 жастағы тұлғалардың өзімен бірге топтық сипаты бар қылмыстық заңмен қорғалған қоғамға және құқыққа қарсы жасалған әрекеттері*

*Кәмелетке толмаған қылмыскердің тұлғасы — жоғары психологиялық қозушылық, алаңдаушылық және басқа да жабырқау көңіл-күй, ортадан жатсыну, өткір конфликтілік жағдайларға тез түсу қауіні*

## КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚЫЛМЫСЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ



**Шағын орта — бұл жеке тұлға тікелей байланыста болатын, әртүрлі әлеуметтік топтар. Орта тұлғаның адамгершілігінің қалыптасуына үлкен әсер етеді, жаман қылыққа бағыт алудың қайнар көзі болып табылады**

## ОТБАСЫНДА ЖЕКЕ АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ЖАҒДАЙЛАР

### *Субъективті жағдайлар:*

- а) балаларын тәрбиелеуде ата-аналардың өз міндеттерін орындамау, олардың мүдделеріне көңіл аудармау, дөрекілік;
- б) қарабасын ойлайтын өзімшілдікке, жалқаулық, арамтамақтыққа және т. б. тәрбиелеу;
- в) отбасында қоғамға қарсы көзқарастардың, зиянды әдет-ғұрыптардың қалыптасуы, еңбекке, қажетті азаматтық міндеттерге деген теріс қарым-қатынастар;
- г) отбасы мүшелерінің жаман үлгілері, қылмыс немесе басқа да құқық бұзушылық жасауы, аморальдық өмір бейнесі, ұрыс-керіс, жанжал, маскүнемдік;
- д) балаларды қылмыстық жолға тарту, жезөкшелік, құмар ойындар ойнауға үйрету

### *Объективті жағдайлар:*

- а) толық емес отбасы, ата-анасының ауруы, балаларды тәрбиелеуде тиімді қадағалаудың қиындығы;
- б) отбасындағы материалдық жағдайдың қиындығы, нашар тұрмыстық жағдай және т. б. жатады

***Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының  
шарттары***

Бос уақытты ұйымдастырмау

Оқу орындарында жастармен  
тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жетіспеуі

Еңбек ұжымында жастармен  
тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жетіспеуі

Құқық қорғау қызметінде кәмелетке толмағандардың  
қылмыстылығын алдын алу қызметінің жеткіліксіздігі


***ҚР ИМ құрылымдарында алдын алу қызметінің тиімділігін арттыруға қажетті шаралар:***

***біріншіден, ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз ету көрсеткіші;***


***екіншіден, қылмыс жасалуының уақыты, орны және басқа да жағдайларын сараптау;***

***үшіншіден, кәмелетке толмағандардың теріс құбылыстары мен қылмыскердің жеке тұлғасымен байланыстарын анықтау;***

***төртіншіден, алдын алу жұмыстарын жүргізудегі мақсаты мен сипатына қарай.***



# ӘЙЕЛ АДАМДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЕСКЕРТУ



# **ӘЙЕЛДЕР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ЖАҒДАЙЛАР**

**Отбасылық-тұрмыстық**

**Қоғамдық қатынас жүйесіндегі  
әйелдердің әлеуметтік рөлі және  
қызметі**

**Әйелдердің биологиялық  
және психологиялық ерекшелігі**

# ӘЙЕЛ-ҚЫЛМЫСҚЕРЛЕРДІҢ ЖЕКЕ БАС ТИПТЕРІ

Ниетінің мазмұны  
мен сипатына қарай

Күш қолдану

Пайдакүнемдік-күш  
қолдану

Пайдакүнемдік

Абайсыздық

Мәжбүрлі (тәуелді)

Жеке тұлғаның тұрақты  
криминогенді себептілік  
бағыттылығы бойынша

Кездейсоқ

Жағдайлық

Тұрақсыз

Кәсіпқой



## ӘЙЕЛДЕР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ СЕБЕБІ МЕН ШАРТТАРЫ



## **ӘЙЕЛДЕР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰБЫЛЫСТАР МЕН ПРОЦЕССТЕР**

**Қоғамдық өндірісте әйелдердің  
неғұрлым белсенді қатысулары**

**Әлеуметтік бақылаудың едәуір  
әлсіреуі, бірінші кезекте отбасының**

**Қоғамдағы қысымшылықтың  
өршігенінен адамдардың қобалжуы,  
жанжалдар мен араздықтар**

**Нашақорлық, маскүнемдік,  
жезөкшелік, қаңғыбастық және  
қайыршылықтың өсуі**

## **ӘЙЕЛДЕРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ**

**Әйелдерге деген адамгершілік және  
мейірімділік**

**Оларды қылмыстық-жазаланушы  
немесе ізгілікке жат қылықтарды  
жасауға итермелеген себептерді  
анықтау және түсіну**

**Олардың теріс ортадан шығып, өз  
өмірінде жолын табуға көмектесу**

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАР ЖӘНЕ ОНЫ ЕСКЕРТУ

Экономикалық қылмыстылық — экономика саласында қызмет жүргізудің қалыпты тәртібін лауазымды немесе басқа тұлғалардың қасақана бұзуынан туындайтын, қылмыстық заңдармен қарастырылған экономикалық мүддеге қол сұғу болып табылады

## **ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТЫ**

- экономикалық қатынастар саласында жасалады;
- бұл қылмыстардың субъектісі кәсіпкерлер, және басқа да шаруашылық қызметтерді атқаруға қатысы бар адамдар болып табылады;
- экономикалық зардап келтіреді;
- экономикалық артықшылық алу бағыттылығы;
- тек қасақана және саналы түрде жасалады;
- жасалу тәсілі күш қолданумен не онсыз да жасалынады

**ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРДЕГІ  
ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДА ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚҚА  
СЕБЕП БОЛАТЫН ЭЛЕМЕНТТЕР ЖҮЙЕСІ**

**Жұмыс**

**Білім**

**Тұрмыстық (отбасы), жағдайлар**

**Саяси мүдделер мен жан-жалдар**

**Ұрпақтар арасындағы өткір  
қайшылықтар**

**Құқық**

**Алдын алу қызметтері**

**Құндылық бағыттылығы**

## **ӘЛЕУМЕТТІК ҚАРСЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МІНЕЗ- ҚҰЛЫҚТЫҢ ТАРАЛУЫНА ЖОЛ АШАТЫН ЖАҒДАЙЛАР**

**Экономикалық қайта құруды қабылдауда  
тұрғындардың жаппай дайын еместігі**

**Қолданыстағы мемлекеттік бақылау  
жүйесінің жеткіліксіздігі**

**Экономикалық саясаттың шығындары**

**Құқықтық қамтудың артта қалуы**

**Құқық қорғау органдары қызметіндегі  
кемшіліктер**

**Баға белгілеудегі  
олқылықтар**

**Иесіздік**





## **КҮШ ҚОЛДАНУ ҚЫЛМЫСТАРЫ МЕН БҰЗАҚЫЛЫҚ, ОЛАРДЫ ЕСКЕРТУ**

**Күш қолдану қылмыстарын жасаушы тұлғаның  
адами-психологиялық ерекшелігі**

- **эгоцентризм;**
- **басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін сыйламаушылық;**
- **даулы мәселені шешуде күш қолдануды қажет деп санау сенімділігі;**
- **терең қатыгездік мінез-құлықты қалыптастыратын іс-әрекеттер;**
- **кінәні айналасына және жәбірленушіге аударып өзін-өзі ақтау ұстанымы.**

**КҮШ ҚОЛДАНУ ҚЫЛМЫСТАРЫ МЕН  
БҰЗАҚЫЛЫҚТЫҢ ЖІКТЕЛУІ**

**Кездейсоқ**

**Қаскүнемдік**

**Жан-жалдан  
ұласатын**

**Теріс бағыт  
ұстанған**



**Күш қолдану қылмыстарының себептері**

**Тұрмыстық қатынас саласындағы себептер**

**Салт-сана жүйесіндегі адами құндылықтардың,  
идеологияның және мәдениеттің құнсыздануы**

**Құқық қорғау органдары қызметіндегі кемшіліктер**

**Есірткі мен қарудың заңсыз айналымы**

## **КҮШ ҚОЛДАНУ ҚЫЛМЫСТАРЫ МЕН БҰЗАҚЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ**

**Маскүнемдік және нашақорлықпен  
күрестің кешенді шаралары**

**Атыс қаруы мен жарылғыш заттарды  
иемдену, сақтау және есепке алу ережесін  
сақтауды қадағалау**

**Күш қолдану қылмысы үшін сотталған, ұсақ бұзақылық  
жасап, қатыгездікке бейім адамдарға алдын алу  
шаралары арқылы әсер ету**

**Жаппай мәдени-спорттық шараларды өткізу кезінде қоғамдық  
тәртіпті сақтауды тиімді ұйымдастыру**

**Жастардың арасында құрылған күш қолдану қылмыстары мен бұзақылық жасауға бейім топтарды анықтау және жою**

**Қатыгездік мінез-құлқы бар психикалық аурумен ауратын адамдарға заңмен белгіленген шаралар қолдану**

**Қалыптасқан жедел жағдайларға байланысты ішкі істер органдары күштері мен құралдарын ұтымды орналастыру**

**Моральдық-психологиялық жағдайы нашар отбасыларын, притондарды және келеңсіз жағдайдағы тұрғын-жайларды анықтауға шаралар өткізу**

**Азаматтардың ұрып-соғу, қинау, өлтіремін деп қорқыту немесе денсаулығына зиян келтіру жөніндегі арыздарын уақытында және жан-жақты қарастыру**

**Ұйымдасқан топтар мен қауымдастықтарды жою**

**Кез келген ұлттық, рулық, тектік араздыққа әкеп соқтыратын деректердің жолын кесу**

**Жоғары виктимділікке бейім адамдарға уақытында алдын алу шараларымен әсер ету**


**Күш қолдану қылмыстары мен бұзақылық жасаған адамдарды әділ жауапкершілікке тартуды қамтамасыз ету**

**Бұқаралық ақпарат құралдарында қатыгездік пен күш қолдануды насихаттауға қарсы тұру**

## ӘСКЕРИ АДАМДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЕСКЕРТУ

*Әскердегі бір бірімен қарым-қатынас жасау аясындағы құқық бұзушылықтар («дедовщина») — криминалдық сипаттағы әлеуметтік қарама-қайшы, әскери тәртіпке кері әсерін тигізетін, масқаралау мен қорлау әрекеттерімен ұштасқан бір әскери адамның екінші бір әскери адамды өзінің қарамағына күш көрсету арқылы бағындыру*

**Әскери қылмыстылық — ҚР ҚК бойынша қоғамға қауіпті, қылмыстық жаза көздейтін, әскерге шақыру бойынша не келісім шарт бойынша ҚР Қарулы Күштерінде, ҚР басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында әскери қызмет атқарушы әскери қызметшілердің, сондай-ақ запастағы азаматтардың жиындардан өтуі кезінде әскери қызмет атқарудың белгіленген тәртібіне қарсы қылмыстарды жасау әрекеті танылады.**





## **ӘСКЕРИ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ СЕБЕПТЕРІ**

**Қылмыстың жалпы себептері,  
әскерге дейінгі адамның  
санасының бұзылғандығы**

**Қылмыстың жалпы себептері, әскери  
өмірдің тұрмысы мен жағдайының  
салдарынан болатын себептер**

**Арнайы әскери себептер мен жағдайлар,  
басшылар мен командирлердің ұйымдастыру,  
басқарудағы кемшіліктері**

# **ӘСКЕРИ ҚЫЛМЫСТАРДЫ ЖАСАУҒА ЖОЛ АШАТЫН ШАРТТАР**

**Барлық әскери қылмыстарға  
қатысты «жалпы» шарттар**

**Әскери қылмыстардың жеке  
топтарына тән «арнайы» шарттар**

**Нақты қылмыстың жасалуына орынның  
және уақыттың, жағдайдың болуына тән  
«жақын» шарттар**


## **ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫ ӘСКЕРИ АДАМҒА ТӘН СИПАТТАР**

- а) рухани қажеттілігімен қызығушылығының төмендігі;**
- б) әскери қызмет, жарғының талаптарына және қылмыстық-құқықтық тыйымдарға немқұрайлы қарауы;**
- в) құқықтық сауатсыздық, құқықтық сананың кемістігі, жетіспеуі;**
- г) қарапайым әскери-тұрмыстық жағдайда қатыгездік жағдайды туғызуы;**
- д) айналасында болып жатқан құқық бұзушылық пен қылмыстарға жеңілтектікпен қарау;**
- е) өзінің әрекетінің неге алып баратындығына ұғынбаушылық;**
- ж) эмоционалды тұрақсыздық.**

**Әскер қатарындағы қылмыстар мен құқық  
бұзушылықтардың алдын алу — мемлекеттік,  
әскери, командалық органдармен қылмыс  
жағдайларын, себептерін, олардың жасалуына  
әсер беретін шарттарын анықтап, жою немесе  
олардың жолын кесу**

## **БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫ ЕСКЕРТУ**





## **БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

### **Техникалық жетілмеген:**

- күзет-дабыл белгілері;
- инженерлік-техникалық жабдықтар;
- бақылаудың тәулік бойғы жүйесі;
- берілген заттың құрамын тексеру аппараттарының жетіспеуі;
- тінту жүргізу

### **Ұйымдастыру- басқарушылық**


- колонияларда белгіленген шамадан тыс адамдарды қабылдап, ұстау;
- ТМ қажетті жоғары білікті мамандармен, қызметкерлермен толық қамтылмауы — жеке қызметкерлердің төмен орындаушылық тәртібі

## **ТМ ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ЖАЛПЫ ӘДІСТЕРІ**

**Қылмыстың ішкі  
жағдайларын  
анықтау әдісі**

**Қылмыстың ішкі  
жағдайларын  
қалпына келтіру,  
залалсыздандыру,  
орнын толтыру әдісі**





# **КРИМИНОГЕНДІК ЖАҒДАЙДЫ АНЫҚТАУ ӘДІСТЕРІ**

**ТМ криминогендік-психологиялық  
зерттеулер жүргізу**


**Анықтаудың жедел тәсілдері**

**Тұрғын-жай және өндірістік  
орындарға барып қарау, тексерістер  
жүргізу және басқа да тәсілдер**


## **КРИМИНОГЕНДІК ДАУ, ЖАН-ЖАЛ ЖАҒДАЙЛАРДЫ СУБЪЕКТИГЕ ӘСЕР ЕТУ ЖОЛЫМЕН ШЕШУ ӘДІСТЕРІ**

- **субъектіге нақты жағдайды түсіндіру арқылы көндіру, сендіру;**
- **қауіп төнген жағдайда субъектілерді мәжбүрлеп ұстау;**
- **қауіпті жағдайда субъектілердің араласуына тыйым салу, бөлектеу:**
  - а) басқа жатын орынға, жұмыс орнына, бөлімге, бригадаға, отрядқа ауыстыру;**
  - б) айыптық оқшаулау орнына орналастыру;**
  - в) басқа ТМ ауыстыру.**

**ТМ қылмыстың жеке алдын алу әдістері**



**Сотталғанды тану**



**ТМ қабылданған нормалардан,  
бақылаудан, тәртіптен жалтаруға әсер  
ететін жағдайларды анықтау**

## МАЗМҰНЫ

<b>ҚЫСҚАША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ</b> .....	<b>3</b>
<b>КРИМИНОЛОГИЯ ҰҒЫМЫ, ЗЕРТТЕЙТІН ПӘНІ, ТӘСІЛІ, ЖҮЙЕСІ</b> .....	<b>4</b>
<i>Криминологияның ғылымдар жүйесіндегі алатын орны</i> .....	<i>6</i>
<i>Криминологияның басқа ғылымдармен байланысы</i> .....	<i>7</i>
<i>Қылмыспен күрестің негізгі бағыттары</i> .....	<i>8</i>
<b>КРИМИНОЛОГИЯ ТАРИХЫ. ШЕТЕЛДІК КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ТЕОРИЯЛАР</b> .....	<b>9</b>
<i>Криминологияның дамуының негізгі кезеңдері</i> .....	<i>9</i>
<b>ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ</b> .....	<b>10</b>
<i>Қылмыс элементтері</i> .....	<i>11</i>
<i>Қылмыстылықтың әлеуметтік және құқықтық сипаты</i> .....	<i>12</i>
<b>ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ПЕН ҚЫЛМЫСТЫҢ ӨЗАРА ҚАТЫСЫ</b> .....	<b>13</b>
<i>Қылмыстың қоғамға қауіптілігі</i> .....	<i>14</i>
<i>Қылмыстардың негізгі статистикалық көрсеткіштері</i> .....	<i>15</i>
<b>КРИМИНАЛДЫҚ КӘСІПҚОЙ</b> .....	<b>22</b>
<b>ҚЫЛМЫСТЫҚ СЕБЕПТЕРІ</b> .....	<b>29</b>
<b>ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ</b> .....	<b>31</b>

<b>ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ СЕБЕПТЕРІ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ (ДЕҢГЕЙЛІК СИПАТЫ).....</b>	<b>33</b>
<b>ҚЫЛМЫСКЕР ТҰЛҒА (ДЕҢГЕЙЛІК СИПАТ).....</b>	<b>35</b>
<i>Тұлғаның криминологиялық типі (тұрпаты).....</i>	<i>36</i>
<i>Қылмыскер тұлғаның тұрпаты .....</i>	<i>41</i>
<b>НАҚТЫ ҚЫЛМЫС ЖАСАУ СЕБЕПТЕРІ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ</b>	
<b>ЖЕКЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ СЫЗБАСЫ (КЕСТЕСІ).....</b>	<b>43</b>
<i>Нақты қылмыс жасаудың психологиялық тетіктері .....</i>	<i>44</i>
<b>КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ.....</b>	<b>48</b>
<b>ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АҚПАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ.....</b>	<b>49</b>
<i>Криминологиялық ақпараттың қайнар көздері.....</i>	<i>50</i>
<b>КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ НАҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІСТЕРІ.....</b>	<b>51</b>
<b>ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ .....</b>	<b>52</b>
<i>Қылмыстыққа әлеуметтік әсердің жалпы сызбасы .....</i>	<i>53</i>
<i>Қылмыс себептері және олардың алдын алу.....</i>	<i>54</i>
<i>Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ішкі істер мекемелері</i>	
<i>қызметінің құқықтық ұйымдастыру және тактикалық негіздері.....</i>	<i>57</i>
<i>Құқық бұзушылықты алдан алуды құқықтық қамтамасыз ету.....</i>	<i>58</i>
<i>Қылмыстың алдын алу түрлері мен оның міндеттері.....</i>	<i>60</i>
<b>ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ЖАЛПЫ АЛДЫН АЛУ .....</b>	<b>61</b>
<i>Қылмыстардың алдын алудың жеке түрі .....</i>	<i>62</i>

<i>Қылмыстардың алдын алу</i> .....	63
<i>Алдын алуға қажетті ақпараттармен жұмыс кезеңдері</i> .....	64
<i>Ішкі істер мекемелерінің қылмыстың алдын алу жөніндегі қызметін ұйымдасу және ақпараттық қамтамасыз ету</i> .....	65
<i>Қылмыстың алдан алу жұмыстарында қолданылатын ақпараттарды жіктеу (мазмұны бойынша)</i> .....	66
<b>ЖЕКЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН АДАМДАРДЫ АНЫҚТАУ</b> .....	67
<b>НАҚТЫ АДАМДАР ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУЫН АҚПАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ</b> .....	69
<b>ЖӘБІРЛЕНУШІНІҢ ТҰЛҒАСЫ. ВИКТИМОЛОГИЯНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ</b> .....	71
<b>ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫ ЕСКЕРТУ БОЙЫНША КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ТЕОРИЯНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ</b> .....	78
<b>ҚЫЛМЫСТЫҢ ҚАЙТАЛАНУ СЕБЕПТЕРІ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ</b> .....	85
<i>Қайталанған қылмыстың көрсеткіштері</i> .....	86
<i>Қылмысты қайталаудың қоғамға қауіптілігі</i> .....	87
<b>КӘСІБИ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫ ЕСКЕРТУ</b> .....	89
<b>КӘСІБИ ҚЫЛМЫСКЕР</b> .....	91
<b>ҰЙЫМДАСҚАН ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ</b> .....	94
<i>Ұйымдасқан қылмыстық топтар</i> .....	95
<b>КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЕСКЕРТУ</b> .....	96

<b>ӘЙЕЛ АДАМДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЕСКЕРТУ .....</b>	<b>101</b>
<b>ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАР ЖӘНЕ ОНЫ ЕСКЕРТУ .....</b>	<b>107</b>
<b>КҮШ ҚОЛДАНУ ҚЫЛМЫСТАРЫ МЕН БҰЗАҚЫЛЫҚ, ОЛАРДЫ ЕСКЕРТУ .....</b>	<b>112</b>
<b>ӘСКЕРИ АДАМДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЕСКЕРТУ .....</b>	<b>118</b>
<b>БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫ ЕСКЕРТУ .....</b>	<b>119</b>



# **КРИМИНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ**

*сызбалар альбомы*

Редактор: **Ә. Д. Тұрғамбеков**  
Техникалық редакторы: **Г. Қ. Омарова**

Теруге 27. 08. 2010 ж. жіберілді. Басуға 12. 10. 2010 ж. қол қойылды.  
Шартты баспа табағы 15,8. Қалыбы 60x84 <sup>1</sup>/<sub>8</sub> .  
Қағазы газеттік. Басылымы 500 дана. Тапсырыс № 727.

Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының  
ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмыстары бөлімі.

Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының 2010 жылғы ведомстволық  
әдебиеттер шығару тақырыптық жоспарының № 6 позициясы.

Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының  
баспаханасында басылды.  
Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 124